

Б.Қ. Шаушекова, Н.Н. Тұрғанбекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: shaushekova@mail.ru)*

Болашақ бастауыш мұғалімдерін даярлауда өлкетану жұмыстары арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие беру

Мақалада бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлауда өлкетану материалдарын қолдану арқылы студенттерге экологиялық тәрбие беру бойынша зерттеудің нәтижелері берілген. Қазақстан Республикасының ұлттық байлығы ретінде біздің мемлекетіміздің мәдени құндылықтары мен ғылыми-экологиялық дерек көздерін оқып үйреніп, тарихи қалалардың бірі — Қарқаралы қаласының қалыптасуы мен даму кезеңдері және оның болашағы туралы педагогикалық және этнографиялық әдебиеттерге талдау жасалған. Өлкенің ұлы адамдарының тағылымына байланысты ғылыми еңбектерге шолу жасап, олардың зерттеушілік және шығармашылық іс-әрекеттерін оқып үйренуге басты назар аударылған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда өлкетану жұмыстарында мақсатқа бағытталған этнопедагогикалық құндылықтарды пайдалану қажеттігін мақала авторлары қорытындыларының нәтижесі дәлелдейді. Авторлардың «Өлке қорықтары» атты жасалған бағдарламасы негізінде жоғарғы оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде, аудиторияда және аудиториядан тыс кураторлық сағаттарда, студенттерге экологиялық білім берумен қатар, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды жүзеге асыру жолдары көрсетілген, сонымен бірге өлкетану жұмыстарын өткізудің құралдары мен әдістері берілген.

Кілт сөздер: экология, экологиялық тәрбие, өлкетану, өлкетану жұмыстары, ерекше қорғалатын аумақтар, қоршаған ортаны қорғау, Қарқаралы қаласы, Қарқаралы туралы ақпарат.

Қазіргі жаһандану кезінде халықаралық деңгейдегі құбылыстардың даму үдерісі, оның ішінде әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар ғаламдық кезек күттірмейтін мәселенің бірі — экологиялық мәселеге кейінгі кезде көп көңіл бөлініп жүр, себебі, біріншіден, адамның экологиялық санасынан олардың табиғатқа практикалық қатынасында алшақтық байқалады, жастарымыз көп уақыттарын үйде, компьютерде отырып, ұялы телефонды қолданып, ақпарат желілері немесе теледидар алдында өткізеді. Студенттердің экологиялық санасын қалыптастыру үшін кей жағдайда білім деңгейі жеткіліксіз, мектепте биология, география, экология пәндері бойынша теориялық білім берілгенімен, практикалық жағдайда табиғатқа сәйкестенген оқу-танымдық іс-шаралардың жағдайының маз еместігі аландатады. Сол себепті экологиялық білім мен экологиялық мәселе арасында алшақтық байқалып, ол үшін құбылыс пен үдерістерді байланыстыру қажеттігі туындайды. Экологиялық дүниетану, тәрбие беру абстрактілі деңгейде шешіле алмайды, ол жеке адамға жеке тәжірибесі арқылы ғана шешімін табады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодексінің 87-тармағында: «Экологиялық білім беру — жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін, білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларын, адамгершілік-эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз бетінше білім алуының және дамуының үздіксіз процесі», — деп көрсетілген [1].

Этникалық экологияның негізгі міндетіне «этникалық топтарға өмір сүруге мүмкіндік беретін салт-дәстүр ерекшелігін зерттеуді, табиғи, әлеуметтік, мәдени жағдайды, сондай-ақ этностардың өмір сүріп отырған табиғи ортасын олардың табиғи ортаға әсерін, экожүйенің заңдылықтарын жатқызуға болады. Этникалық топтардың өмір сүру ерекшеліктерін зерттеу барысында олардың физикалық (материалдық) және психикалық (рухани) жақтары, популяциясы ерекше қарастырылады. Оған адамдардың шаруашылық әрекеттерімен байланысты материалдық мәдениеті (тамақ, киім т.б.) табиғатқа, әлеуметтік-мәдени, биологиялық бейімделуі және халықтық медицинадағы экоботаникасы жатады. Сонымен қатар адамдардың жеке және топтық деңгейде қоршаған ортаға бейімделуі және басқа этникалық әлеуметтік-мәдени ортасы, дағдарыстық жағдайды бастан кешудің дәстүрлі әдістері енеді (сонда 8-9-б.).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, адамның табиғатпен өзара әсері әр ұлтта өзіндік ерекшелік арқылы жүреді, ол өмір сүрудің әр түрлі саласынан көрінеді. Осыдан шыққан «этностың табиғатқа қарым-қатынасы» мәселесін қарастыра келе, қарым-қатынастар «екі жақты сипатта»

болатынын ескеру керек. Ол өз кезегінде «этнос пен оның өмір сүру ортасын нақты біртұтас этноэкологиялық жүйе ретінде қарауға» мүмкіндік береді» [2].

Бұл жерде мына фактіні айтып өту керек: қоғамдық-тарихи даму үрдісінің барлығында қоғам өмірінің жүйесі ауысып отырды. Қоғамның технологиялық және әлеуметтік-экономикалық даму үрдісінде табиғаттың социумға «нақты әсері» ептеп әлсіреп отырды. Алайда ғылыми-техникалық даму жағдайында «этноэкологиялық фактор» нақты көрініс тапты, оны ескермеуге болмайды. Сондықтан табиғатты қорғау шаралары міндетті түрде аумақтың ерекшелігін ескеріп, сипатта болуы керек. Ол әр халықтың салт-дәстүр әрекеттері барысында, әдетте, «экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етіп отыратын қалыптасқан нормалар» болатынын көрсетеді. Және «қандай да бір халықтың өмір сүру ортасынан этникалық түрде жат шаруашылық әрекеттерін тарату» кезінде мүмкін болатын экологиялық салдарға әкеп соқтырады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, экологиялық білім берудің міндеттерін шешу және аумақтық экологиялық мәселелерді жою, біздің ойымызша, ғасырар бойы жинақталған, халық педагогикасындағы эмпирикалық тәжірибеге сүйенген және экожүйені қолдануға негізделген табиғатты пайдаланудағы этникалық салт-дәстүрді есепке алмайынша, мүмкін емес.

Г.Н. Волковтың пайымдауынша, «этникалық мәдениет пен экологиялық тәрбие беру» халықтық педагогиканың негізі болып табылады. Экологиялық тәрбие экономикалық тәрбиемен бірге маңызды, ол жеке тұлғаны қалыптастыру барысындағы қорғау, сақтау, үнемдеу негізгі анықтаушы болмақ [3].

Біз халықтардың өзіндік салт-дәстүрлерінің жойылып кетуіне, мәдениеті төмен адамдардың ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтардың тағдырын шешуіне, оларды өткеннің қалдықтары деп санауына жол бермеуіміз керек. Өзіндік тұрмыстың артта қалғандығы себебінен анықтап, оны ұмытпау қажет. Тәрбие берудің маңызы ғасырлар мен прогрестің, гуманитарлық дәстүрлер тоғысындағы бірден бірге ауысушылықтың нақты бекініс алуында, оның бірден біруіне көшуінде.

Бастауыш мектеп жағдайын зерттеу нәтижесінде өлкетану жұмысына байланысты қалыптасқан төмендегідей орны толар-толмас жағдайларды байқауға болады:

- бастауыш мектеп пен жоғары мектептерде жаратылыстану пәндері, қазақ халық педагогикасы, этнопедагогика пәні арасында пәнаралық байланыстың жеткіліксіздігі;
- экология пәнінің оқу-әдістемелік кешендерінде этнопедагогика құндылықтары белгілі деңгейде қамтамасыз етілмеуі;
- өлкетану жұмыстары бойынша білім мен тәрбие берудің педагогикалық шарттарының сақталмауы;
- өлкетану жұмыстарының жүйесінің жасалмауы көңілге кірбің түсіреді.

Аталмыш мәселенің шешімін табуға этнопедагогика құндылықтарын кешенді, жүйелі, саналы пайдалану арқылы жүзеге асыруға болатынын қоғам талабы дәлелдейді. Әр халықта халықтың құрылу барысында қалыптасқан жасөспірімдерге білім берудің өзіндік ерекше педагогикалық жүйесі бар, оған аталған этностың қалыптасу барысындағы жергілікті этногеографиялық ерекшеліктері кіреді. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне білім беру жүйесі мен тәрбиелеу «халықтық педагогика», немесе «этнопедагогика», терминдері арқылы біріктіріледі.

Студенттерге экологиялық білім беру негізінде өлкетану жұмыстары арқылы этнопедагогикалық құндылықтар пайдалану және іске асыру әдіс-тәсілдерінің көптеген түрлерін отандық және шетелдік мамандар қарастырған. Өлкетануды танып-білуге ұстанған бағыт 70 жж. экологиялық білім беру мәселесін шешуге мүмкіндік берді және мектепте экологиялық білім беруді дамытты.

Өлке дегеніміз — аймақтық көлемдегі жер, ол әкімшілік түрде болады (облыс, республика, өлке) [4]. Мектептегі экологиялық өлкетануда бұл түсінік экологиялық проблемалардың локалды және аймақтық деңгейін қамтиды және олардың арасындағы әрекеттестікті талап етеді. Әкімшілік шегінде ғылыми зерттеулер жүргізіледі және табиғатты пайдалану бойынша нақты бетбұрыстар қабылданады, ол мектептегі экологиялық білім беруге қажетті ақпараттар береді. Жергіліктілік – адамның өзі өмір сүріп жатқан жері және табиғатпен әрекеттесу орны. Жергіліктілік оқыту ортасы ретінде қолданылуы мүмкін, яғни оқушылардың тәжірибелік жұмысы болып табылатын іздену жұмыстарын жүргізу орны болып табылады.

«Өлкетану» терминін алғаш рет 1914 ж. тарихшы-әдіскер В.Я.Уланов және сібірлік мұғалім-географ В.Н.Мальков қолданды [5].

Өлкетану – елдің бір бөлігі, қаланың, ауылдың, басқа да елді мекеннің тұрғылықты жердің тұрғындары үшін туған өлке болып табылатын территорияны жан-жақты оқып үйренуі. Мектептегі

өлкетану – мектептегі оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу міндеттерімен сәйкес келетін оқу үрдісінде, сабақ және сабақтан тыс жұмыста оқушылардың туған өлкесін жүйелі, жан-жақты тануы [6].

Мектеп өлкетануы теориясының дамуына И.В.Ивановтың «Краеведение и системы учебной и воспитательной работы средней общеобразовательной школы» атты докторлық диссертациясы және «Педагогические основы школьного краеведения» деген 1966 ж. монографиясы үлкен үлес қосты, құнды ой-пікірлер қалдырды.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы. Өлкетанудың негізгі міндеті – өлке жөнінде түрлі ақпараттар, материалдық ескерткіш үлгілерін, тағы басқа мәліметтер жинақтау. Өлкетану – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың туған өлкесінің (мектеп алаңы, ауыл, аудан, қала, облыс, өлке, Қазақстан) табиғи, әлеуметтік, экономикалық және тарихи жағдайларын жан-жақты зерттеуі. Осы арқылы оқу мен тәрбиені өмірмен, қоршаған дүниемен тығыз байланыста қарастырудан тұрады [7].

«Өлкетану» ұғымын түсіндіруде көптеген авторлар оның белгілі бір шекара туралы мағлұмат жинау ғана емес, сонымен қоса бір факторлардың екінші факторларға әсерін анықтау, яғни, сол жердегі өмірдің және табиғаттың кешенді көрінісін беру екенін дәлелдеуге ұмтылады.

Өлкетану жұмыстарын жоғары мектептің экологиялық жүйесінің негізі мен бірізділігі нақты іс-әрекеттер барысында іске асыруды қамтиды. Аталған жұмыстарды жүргізу, яғни, жоғарғы мектептегі экологиялық өлкетану ретінде пәнаралық педагогикалық үдеріс этнопедагогика құралдарын пайдалану, оқушылардың бұрынғы және бүгінгі күнгі экожүйемен танысуға бағытталған әрекеттерінің бірлігін ұйымдастыру, аймақтық проблемалармен байланысты жергілікті экологиялық өлке проблемаларын анықтау, оларды шешудің жолдары мен болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне оны жетілдіруге болатын шешімдері мен жолдарын іздестіруден тұрады.

Өлкетану жұмыстары педагогикалық феномен ретінде екі педагогикалық саланың тоғысында тұр: ол – бастауыш мектептегі өлкетану және оқушыларға экологиялық білім беру. Сондықтан, бір жағынан, экологиялық бағыттағы өлкетану мектеп балаларының экологиялық білім алу компоненті болса, екінші жағынан, ол – жоғары мектепте өлкетану жұмысын жүргізудің бір бағыты, сондықтан оның өзіндік ерекшелігі аталған саладағы білімге тән. Оқушы – студент – болашақ маман үштігін құрайды.

Демек, қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білімді жаңғырту, қоршаған ортаның қорғау жүйесі, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпаратты тарату мәселесімен экологиялық ағарту ісі айналысады.

Экологиялық ағарту ісінің аспектісі ретінде білім беру жүйесінде бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттері «Жаратылыстану негіздері» мен «Бастауыш мектепте дүниетануды оқыту әдістемесі» пәндері бойынша жануарлар мен өсімдіктердің көптүрлілігі, табиғат құбылыстары туралы көп мағлұмат алуына мүмкіндік жасалған.

Болашақ бастауыш мұғалімдерін даярлауда өлкетану жұмыстары арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие беру мәселесін шешуде әр түрлі тиімді жаңа әдістерді пайдаланып, ұлттық бақтарды және табиғи қорықтарды басшылыққа алып зерттеу жұмысымыздың барысын баяндауды жөн көрдік.

Қарастырып отырған мәселеміздің шешімін табуда табиғаттанушы Ә.Х.Тұрғынбаевтың еңбегін басшылыққа алуды дұрыс деп есептедік [8]. Онда экологиялық мәселелер кеніңнен қарастырылып, мазмұнды да, мағыналы құнды ой-пікірлер баяндалған, күрмеуі шешілмей тұрған мәселелерімізді шешуге игі септігін тигізетініне кәміл сендік. Ерекше қорғалатын аумақтар мен қорғауға алынған жерлер экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, Қазақстан Республикасының ұлттық байлығы болып табылады.

Осы Заң ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін белгілейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар — ерекше құқықтық қорғау тәртібі бар не мемлекеттік табиғи қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметі режимімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

Мемлекеттік табиғи қорық қоры қоршаған ортаның табиғи эталондар, уникумдар мен реликтер; ғылыми зерттеулерге, ағарту, білім беру ісіне, туризмге және рекреацияға арналған зат-болмыс ретінде экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан мемлекеттік қорғауға алынған объектілерінің ерекше құнды жиынтығы [1].

Берілген бағдарламалар аудандарға арналып құрылған, әсіресе ерекше қорғалған табиғи аумақтарға, яғни қорықтар немесе ұлттық бақтар т.б. Ұлттық бақтар мен қорықтардың негізгі функциясы — табиғи кешенді қорғау, жабайы табиғат құбылыстарын және үрдістерді зерттеу және экологиялық қадағалау. Бұл мекемелердің білім беру мүмкіншілігі зор, біріншіден, қызметкерлердің ұжымдық жетілдірулері, табиғатты қорғауға шындап берілген адамдар. Көптеген ерекше қорғалған табиғи шекараларда табиғи мұражайлар, экологиялық соқпақтар, орталықтар бар. Ал келесі қызметкерлер жоғалып бара жатқан жануарлардың түрі мен өсімдіктерді қорғау генофондында мақсатты түрде жұмыс жасайды. Мұндай аумақта табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштер орын тапқан. Сабақта алған экологиялық білімді бекітуде оқушылардың көңіл-күйіне әсер ету арқылы, яғни, тірі табиғат пен ондағы жұмыскерлермен қарым-қатынас жасай отырып, тәжірибе жүзінде түрлі әдістер арқылы білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастырамыз.

Ұлттық бақ және қорықтарда жастармен ғылыми жұмыс істеу тәжірибелері мол. Жыл сайын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға демалуға келушілердің саны көбеюде, негізінен, олар – студенттер. Сонымен бірге көптеген қорықтар да біздің елдің биологиялық, географиялық жоғарғы оқу орны студенттерінің дәстүрлі жазғы практикаларын өткізетін орын болып табылады. Жыл сайын жаз айларында өсімдіктердің әр түрлі түрлерін өсіруге және жан-жануарлардың төлдерін күтуге табиғатқа жақын жанашыр жергілікті тұрғындар, жастар ерікті түрде келіп көмектеседі. Көптеген қорықтар болашақ мамандарға лагерь құруға және қонақ үйде орналасуына мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны қорғау — қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі [9].

Демек, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық жаңғырту жұмысын жүргізуде аудандағы жастардың экологиялық білімін арттыруда мақсатқа бағытталған бағдарламалар жасайды. Бұл ұсынылып отырған бағдарлама табиғатты зерттеушілерге үлкен көмек болмақ. Ол екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде түрлі жаңа ақпарат беру арқылы дайындық жасайды. Екінші кезеңде студенттер қосымша ақпарат алады және экологиялық жұмыстарға қатысуына мүмкіндік беріледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша «Өлкегі қорық» студенттердің оқу-танымдық, интеллектуалды және эмоционалды өсіп-жетілуіне, білімдерін арттыруға және өлі табиғатпен байланыс жасауға мүмкіншілік жасалады. Осы бағдарламаның бір үлгісі ретінде Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат паркін алуға болады. Мұнда әр жылда табиғатты тамашап келушілердің саны көп, олар: оқушылар, студенттер, шетел азаматтары және тағы басқа демалушылар. Қарқаралының Қазақстандағы арнайы қорғауға алынған ұлттық бағында флора мен фаунаға арналған қорық, бақтар көп және жоғары дәрежелі мамандар, магистранттар, докторанттар т.б. қызмет етеді. Олар қазіргі уақытқа сай бағдарламалар арқылы әр келушіге ұмытылмас әсер қалдыруға тырысады.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) болса, оқу жылы бойында аудандық мектептер формалды компонентпен білім беруде. Бағдарлама бастауыш мектеп, биология, география пәндері мұғалімдерінің және Қарқаралы мемлекеттік табиғи ұлттық саябағы қызметкерлерінің бастауымен өтеді.

Мектептегі сабақтар оның мүмкіндіктеріне байланысты құрылады, яғни, оқыту формалары, мұғалімнің тәжірибелілігі, оның еркін материалды түрде қызықты етіп баяндауы, көрнекі құралдарды пайдалану еркіндігі, суреттер көрсету (кітап, слайд, схема, фотосуреттер), ЕҚТА туралы материалдар, фотоальбомдар және т.б. Сабақ арнайы бағдарлама бойынша жүзеге асады. Бағдарламаны 20 сағатқа бөлдік (сағаттарды тақырыпқа бөлу жобамен жасалған, сондықтан ол мұғалімнің қалауымен өзгере алады).

Зоологиялық баққа барғанда оқушылармен жұмыс (жорық) танымжорық (зообақты мекендеушілер, табиғи ландшафттар), ойын (экологиялық сайыстар, рөлдік ойындар) және практикалық (зообақтың объектілеріндегі экологиялық жұмыс жүргізу) білім беру түрінде өтеді.

Оқу-тәрбие процесі мұғалімнің немесе тәрбиешінің дұрыс ұйымдастыру басшылығына байланысты. Күтілетін педагогикалық нәтижелер студенттердің танымдық іс-әрекеттерін бақылау, бағалау және есепке алуға байланысты. Олай болса, студенттер экологиялық білімдеріне бағытталған жазбаша түрде тест тапсырады немесе басқа да бағалау жұмыс түрлерін пайдалануға болады. Бақылау – педагогикалық басшылықтың танымдық іс-әрекетін меңгерудің функциясы. Бақылаусыз жеке адамның дамуы мен қалыптасуын басқаруға болмайды, оның мәні – студенттерге дер кезінде көмек көрсету. Бақылаудың мақсаты – бағдарламаны оқуға дейінгі және оқығаннан кейінгі

қорытындысы. Бағалау бағдарламаның тиімділігіне тура баға береді, ал қорытындысы әрқилы формада өтетін бақылаудың түрлері (сайыс немесе викторина өткізу) және оған толықтыру болып табылады.

Туған жер — алтын бесік.

Тақырып № 1. Қарқаралы тарихының жылнамасы.

Айналамыздағы дүниенің неден тұратындығы. Табиғат нысаны және адам қолымен жасалатындар. Олардың үйлесімділігі және айырмашылығы.

Қарқаралының дамуы мен қалыптасу кезеңдері. Қарқаралының өткені, бүгіні, ертеңі (болашағы). Қарқаралыда болған ұлы адамдардың зерттеу жұмыстарына шолу. Оларды топтастыру, бүгінгі күнмен салыстыру.

Тақырып № 2. Өлкенің табиғат ландшафты және олардың антропогенді өзгерулері Қарқаралының география-экономикалық жағдайы. Табиғи және антропогенді ландшафты. Оларды салыстыру. Адамның іс-әрекетінен болатын табиғат деградациясы. Өлкенің табиғи ерекшеліктері: ауа райы, ландшафт, топырақ, су режимі. Биотоп үлгісі ретіндегі экожүйе құрылымының өлкеге тән сипаттамасы.

Тақырып № 3. Қарқаралы туралы аңыз әңгімелер, олардың тәрбиелік мәні. Қарқаралы таулы-орман сілемдерінің (массив) көркем жері Шайтанкөл, Алтай мен Сұлушап туралы аңыздың тәрбиелік мәні. Жауыртау шоқысы атауының шығу тегі туралы аңыз әңгімелердің келешек ұрпақтың наным-сенімін, арман қиялын арттырудағы рөлі.

Тақырып № 4. Қарқаралының флорасы мен фаунасы. Оқушыларға Қарқаралының флорасы мен фаунасын таныстыру арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің өсімдіктері мен жануарлар әлемінің биологиялық сан түрлілігі. «Қызыл кітап» және оның рөлі. Қарқаралы өлкесіндегі «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктердің түрлері, оларды қорғау.

Тақырып № 5. Тарихи ескерткіштер және мәдениет. Қарқаралы аумағының негізгі зерттеу нысандары. Бассейн көлі — табиғат ескерткіші. Үш үңгір — табиғат ескерткіші.

Мәди Бәпиұлының бейіті. Қалмақ қорғаны — тарихи ескерткіш.

Суық бұлақ кордоны.

Тақырып № 6. Мұраға толы мұражайлар. Табиғат мұражайы, Өлкетану мұражайы (Қарқаралы ауданындағы Тасбұлақ егінжайы), Абайдың үйі, Құнанбай тұрған үй, Құнанбай мешіті).

Тақырып № 7. Туған өлкенің табиғатын қорғау. Ерекше қорғалатын табиғи шекаралардың типі, оларға сипаттама және қорғау режимі (қорықтар, табиғи ұлттық саябақтар, табиғи ескерткіштер) туралы түсініктер. Қорық аймағы ретінде Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат саябағының зерттелу тарихы, мақсат, міндеттері. Қарқаралы қорықтарының жүйесін құру тарихы. Ерекше қорғалатын өлкенің табиғи шекарасы.

Тақырып № 8. Табиғатты қорғаудың өзекті мәселелері, экологиялық проблемаларды шешу жолдары. Экологиялық тәрбие, экологиялық мәдениет, экологиялық сараптама, экологиялық мониторинг туралы түсініктер, оларға сипаттама. Экология туралы заңдар мен маңызды ресми құжаттар. Экологиялық білім берудің нормалық-реттеуші құжаттары.

Тақырып № 9. Өлкетануды оқыту барысындағы оқу экологиялық соқпақтар. Орман. Экологиялық білім мен тәрбиенің рөлі. Оқу экологиялық соқпақтар. Табиғи-танымдық серуендеу соқпағы. Танымдық-туристік соқпақ және әрқайсының өзіндік ерекшеліктері. Оқу экологиялық соқпақты ұйымдастырып, өткізу. Маршрутты оқып үйрену, өткізу жолдарын қарастыру. Сақтандыру жолдарын жүргізу. Топта әркімге міндет жүктеу. Оқу-танымдық соқпақта педагогикалық процестің компоненттерін іске асыру, бекіту, қорытындысын шығару. Нәтижесінде өлкетануды зерттей отырып, қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Экологиялық білім беру «Өлке қорықтары» бағдарламасы бойынша «Туған жер — алтын бесік» деген тақырыпта табиғаты бай тарихи жерлердің бірі — Қарқаралы қаласын зерттеуге алдық. «Қарқаралы тарихының жылнамасы» атты тақырыпта Қарқаралының дамуы мен қалыптасуы кезеңдері, Қарқаралының өткені, бүгіні, ертеңі, Қарқаралыда болған ұлы адамдардың халық мұрасы жайлы зерттеу жұмыстарына шолу жасап, оларды топтастыру, бүгінгі күндегі ғылыммен салыстырып, студенттерге таныстырып өткен жөн. Себебі студенттерді елінің, жерінің тарихи жылнамасымен таныстырып өткенде олардың бойында туған жеріне деген сүйіспеншілік оянады.

«Өлкенің табиғат ландшафты және олардың антропогенді өзгерулері» атты тақырыппен таныстыру кезінде Қарқаралының география-экономикалық жағдайын, табиғи және антропогенді ландшафты, оларды салыстыру, адамның іс-әрекетінен болатын табиғат деградациясы, өлкенің табиғи ерекшеліктері, ауа райы, ландшафт, топырақ, су режимі пәнаралық байланыс арқылы теориялық білімдері практикалық іс-әрекеттермен салыстырылса, білімдері тиянақталады [10].

«Қарқаралы туралы аңыз әңгімелер, олардың тәрбиелік мәні» деген атауы бар тақырыпта Қарқаралы төңірегінде туындаған қазақ халық тәлім-тәрбие мұраларынан «Шайтанкөл», «Алтай мен Сұлушаш» т.с.с. аңыздардың тәрбиелік мәнін ашу — келешек ұрпақтың наным-сенімін, арман-қиялын арттыруда болашаққа үлкен сеніммен қарауға үгіттейтін таңғажайып әлеміне шолу жасалауға бағыттайтын дүние.

Тақырыптардың келесі желісі «Қарқаралының флорасы мен фаунасы» деген мәселе бойынша студенттерге Қарқаралының флорасы мен фаунасын таныстыру арқылы экологиялық мәдениетін қалыптастыруда Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат паркіндегі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің биологиялық түрлілігі, оларды қорғаудағы «Қызыл кітап» және оның рөлі» Қарқаралы қаласында кездесетін «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін оқып-үйрену, оларды қорғау туралы әңгіме болады. Бұл ретте студенттердің ой-өрісі дами отырып, сауаттылығы арта түседі, туған жерінде кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жөніндегі ұғым-түсініктерін қалыптастыруға болады.

«Тарихи ескерткіштер және мәдениет» тақырыбында Қарқаралы аумағының негізгі зерттеу нысандары айтылған. Бассейін көлі – табиғат ескерткіші, Үш үңгір – табиғат ескерткіші. Мәди Бәпиұлының бейіті, Қалмақ қорғаны – тарихи ескерткіш. Суық бұлақ қорданы бойынша оқушыларға саяхат ретінде рет-ретімен әрқайсысының тарихына тоқталып баяндауды қажет етеді.

«Мұраға толы мұражайлар» тақырыбында осы шақта күнделікті өмірде кездесе бермейтін тың дүниелерді мұражайлардан көріп, біліп, танысуымызға болады. Олай болса, Табиғат мұражайы (Қарқаралы ауданындағы Тасбұлақ егінжайы), Қарқаралы орман шаруашылығы 4 бөлмеден тұрады: аңдар, құстар, өсімдіктер және жәндіктер. Орман массивінің макеті 5 бөлмеге орналастырылған. Жалпы ауданы 187 ш. м, қосымша бөлменің ауданы 27 ш. м. Экспонаттар арасында қырғауыл, бүркіт, арқар, еуропалық бұғының қатырылған үлгісі; қырыққұлақ, бәйшешек, жусан, шай шөптің гербарийлері және т.б. бар. Табиғат мұражайына оқушылар, туристер келеді, ұжымдық экскурсиялар ұйымдастырылады. Өлкетану мұражайы, Абайдың үйі (қазіргі Өнер мектебі), Құнанбай тұрған үй (Қарқаралының қазіргі мешіті) жөндеуден өткен. Мұражайдағы осы күнге дейін сақталған құнды заттар тарихта қалған шежірені шертеді.

«Өлкетану жұмыстарында оқу-танымдық жорықтар және соқпақтар» тақырыбында экологиялық білім беру мен тәрбиенің рөлі туралы, оқу-танымдық жорықтар мен соқпақтар, табиғи-танымдық серуендеу соқпағы, танымдық-туристік соқпақ және олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Оқу-экологиялық соқпақты ұйымдастырып өткізеді. Маршруттарды оқып үйренеді және өткізу жолдарын қарастырады. Оқу-танымдық соқпақта педагогикалық үдеріс іске асырылады, бекітіліп, қорытындысы шығарылады.

Студенттерге экологиялық білім беру мен тәрбие беру жауапты, тәжірибе көрсеткендей, ол алдына қойылған міндетті жоғары деңгейде бірден шеше қою мүмкін емес. Осы басымдылық экологиялық бағыттар негізінде әр халықта қоғамдық-тарихи даму барысында өзіндік экологиялық білім беру жүйесі қалыптасады, ол қоғам мен табиғат арасындағы экологиялық тепе-теңдікті ұстап тұруға бағытталады. Осындай жүйеге қазақ халықтары бай, олар ғасырлар бойы табиғатты қорғау, аялау арқылы студенттерге экологиялық білім беруге әсер етеді, демек, экологиялық тепе-теңдікті ұстап тұруға жағдай туғызып, мүмкіндік береді.

Сонымен, этнопедагогикалық құндылықтарды өлкетану жұмыстарында пайдалану экологиялық білім беруде, ең бастысы, жеке тұлғаның экологиялық жоғарғы мәдениетін қалыптастыруда басты мақсатқа қол жеткізу үшін этнопедагогикада өз орнын ойып алған ғылым, оның бай потенциалын зерттеуге деген қажеттілікті қанағаттандыру әлі де болса зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Кодексі. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: online.zakon.kz/Document/?doc_id=30086294.
- 2 Козлов В.И. Этническая экология: теория и практика; под ред. В.И. Козлова. — М.: Наука, 1991. — 373 с.

- 3 Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика / Г.Н. Волков. — Чебоксары: Чуваш. кн. изд-во, 1970. — 96 с.
- 4 Есгенісова А. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. д-ры ... автореф. / А. Есгенісова. — Алматы, 2006. — 27 б.
- 5 Лихачев Д.С. Краеведение как наука и как деятельность / Д.С. Лихачев / Русская культура. — М.: Искусство, 2000. — С. 159.
- 6 Иванов П.В. Основы школьного краеведения / П.В. Иванов. — М.: Просвещение, 1987. — С. 6.
- 7 Түсіпбекова Т. Өлкетану үйірмесінде / Т. Түсіпбекова. — Алматы: Қазақстан мектебі, 1995. — № 12. — 43-б.
- 8 Тұрғынбаев Ә.Х. Қазіргі жаратылыстану концепциялары: оқу құралы / Ә.Х. Тұрғынбаев. — Алматы: Білім, 2003. — 188 б.
- 9 «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы. — Алматы: Білім, 2006. — 176 б.
- 10 Попов Ю.Г. Каркаралы / Ю.Г. Попов. — Алма-Ата: Кайнар, 1981. — 122 с.

Б.К. Шаушекова, Н.Н. Турганбекова

Использование краеведческой работы в подготовке будущих учителей начальных классов к экологическому воспитанию школьников

В статье представлены результаты исследования подготовки будущих учителей начальной школы к экологическому воспитанию с использованием материалов краеведческой работы. В рамках анализа педагогической и этнографической литературы изучены этапы становления и перспективы развития города Каркаралинска как одного из исторических памятников, как национальное богатство Республики Казахстан и как научно-экологическая и культурная ценность нашего государства. Особое внимание уделено обзору научных трудов, связанных с наследием великих людей края, и изучению их исследовательской и творческой деятельности. Полученные выводы позволяют убедительно доказать необходимость проведения целенаправленной подготовки будущих учителей начальных классов к использованию этнопедагогических ценностей в краеведческой работе и показать пути осуществления экологического образования и формирования экологической культуры студентов в учебно-воспитательном процессе вуза на основе разработанной авторской программы «Өлке қорықтары», в которой определена тематика аудиторных и внеаудиторных занятий, а также формы, методы и средства проведения краеведческой работы.

Ключевые слова: экология, экологическое воспитание, краеведение, краеведческая работа, особенная защищенная территория, защита окружающей среды, город Каркаралы, информация о Каркаралинске.

B.K. Shaushekova, N.N. Turganbekova

Using the local history work in the preparation of future primary school teachers for the ecological education of pupils

The article presents the results of a study of the preparation of future primary school teachers for the ecological education of students using local history materials. As part of the analysis of pedagogical and ethnographic literature, the stages of formation and prospects for the development of the city of Karkaralinsk as one of the historical monuments as the national wealth of the Republic of Kazakhstan and as the scientific, ecological and cultural value of our state are studied. Particular attention is paid to the review of scientific works related to the heritage of the great people of the region and the study of their research and creative activities. The findings allow the authors of the article to convincingly prove the need for targeted training of future primary school teachers for the use of ethno-pedagogical values in local history work and to show the ways of implementing ecological education and forming the ecological culture of students in the teaching and educational process of the university on the basis of the author's program «Өлке қорықтары» which defines the topics of classroom and extracurricular activities, as well as the forms, methods and means of conducting local history work.

Keywords: ecology, ecological education, local historical, local historical work, exclusive protected areas, environment protected, the city of Karkaraly, information about Karkaralinsk.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Ekolohiialyk kodeksi Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylyhy 9 kantardahy № 212-III Kodeksi [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan On January 9, 2007, the Republic of Kazakhstan No. 212-III of the Code]. *online.zakon.kz* Retrieved from online.zakon.kz/Document/?doc_id=30086294 [in Kazakh].
- 2 Kozlov, V.I. (Eds.). (1991). *Eticheskaiia ekolohiia: teoriia i praktika [Ethnic Ecology: theory and practice]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Volkov, G.N. (1970). *Chuvashskaia narodnaia pedahohika [Chuvash folk pedagogy]*. Cheboksary: Chuvashskoe knizhnoe izdatelstvo [in Russian].
- 4 Egenisova, A. (2006). Olketanu nehizinde bastauysh synyp okushylarynyn duniyanymyn kalyptastyru [The basis of the formation of environmental knowledge of local pupils]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 5 Likhachev, D.S. (2000). Kraevedenie kak nauka i kak deiatelnost [Technology of how science and how the activity]. *Russkaia kultura — Russian culture*. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 6 Ivanov, P.V. (1987). *Osnovy shkolnoho kraevedeniia [Fundamentals of school Technology]*. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 7 Tusupbekova, T. (1995). *Olketanu uirmesinde [Local history section]*. (No. 12, p. 12, 43). Almaty: Kazakhstan mektebi [in Kazakh].
- 8 Turgunbayev, A.Kh. (2003). Kazirhi zharatylystanu kontseptsiialary [Modern science concepts]. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 9 «Erekshe korhalatyn tabihi aumaktar turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2006 zhylyhy 7 shildedehi Zany [«On Specially Protected Natural Areas» July, 7, 2006, the Law of the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 10 Popov, Yu.G. (1981). *Karkaraly [Karkaraly]*. Almaty: Kainar [in Russian].